

Елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер участелеріне, ғимараттар мен құрылыштарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2007 жылғы 7 желтоқсандағы N 343 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 11 қаңтарда N 2469 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 04 қаңтардағы N 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 04.01.2013 N 1 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 21-3) тармақшасына, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 90-ө өкімін орындау үшін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер участелеріне, ғимараттар мен құрылыштарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ереже бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандарындағы көшелерге, даңғылдарға және елді мекеннің өзге де құрамдас бөліктеріне атау беру, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер участелеріне, ғимараттар мен құрылғыларға реттік нөмірлер беру, аудандар мен қалалардың елді мекендерінің көрсеткіштерін орнату және пайдалану Ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 ақпандағы N 538, "Елді мекендердің құрамдық бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін жүргізу жөніндегі ережені, жер участелеріне, ғимараттар мен құрылыштарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2007 жылғы 3 қыркүйектегі N 230 және "Елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын өзгерту тәртібін, жер телімдеріне, ғимараттар мен құрылыштарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" 2007 жылғы 16 қарашадағы N 317 Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі қаулыларының күші жойылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің міндеттін атқарушы

Шығыс	Қазақстан	облысы
әкімдігінің	2007	жылғы
7	желтоқсандағы	N
қаулысымен бекітілді		343

Елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер участеклеріне, ғимараттар мен құрылыштарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ереже

Осы Елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау, жер участеклеріне, ғимараттар мен құрылыштарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптар ережесі (бұдан әрі - Ереже), алаңдарға, даңғылдарға, желекжолдарға, көшелерге, қысқа көшелерге, саябактарға, шағынгүлбақтарға, көпірлерге және елді мекендердің басқа да құрамдас бөліктеріне атаулар берудің және қайта атаудың бірынғай тәртібін белгілеу, жер участеклеріне, ғимараттар мен құрылыштарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды анықтау мақсатында нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1-бөлім. Осы Ережеде пайдаланылатын түсініктер

1. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:

мекен-жай - елді мекендердің белгіленген шекаралары шегінде жергілікті жердегі нысанның (жер участекінің, ғимараттың, құрылыштың) орналасу орнының (орналасқан жерінің) жиынтық деректемелерінің құрылымдық сипаттамасы ;

саяжол - негізгі немесе қосалқы жаяу жүргіншілер көшесі немесе еңбек ету орындарымен, қызмет көрсету мекемелерімен және кәсіпорындарымен жаяу жүргіншілер байланысын қамтамасыз ететін, оның ішінде қоғамдық орталықтар, демалыс орындары және қоғамдық көліктің аялдама пункттері шегіндегі жол;

желекжол - қарама-қарсы көлік ағындары орман-саябақ желектерімен, жаяу жүргіншілер жолдарымен бөлінген жергілікті маңызы бар көше немесе жол;

ғимарат - функционалдық мақсатына қарай адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік үрдістерді орындауға, материалдық құндылықтарды және т.б. орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын, көтергіш және қоршау құрылмаларынан тұратын, міндетті түрде жерге орнықкан түйікталған көлемді

құрайтын жасанды құрылым. Фимараттың жер асты бөлігі болуы мүмкін; квартал - магистральды қөшелермен, қысқа қөшелермен бөлінбegen құрылыс салудың құрылымдық элементі;

шағын аудан - қаланы қалыптастырытын, магистральды қөшелермен бөлінбegen, белгіленген шекарада не болмаса қоныстану, не болмаса өндірістік, не болмаса ландшафты-оңалту аумағы болып табылатын құрылыс салудың құрылымдық-жоспарлау элементі;

атаулар - шағын аудандарға, даңғылдарға, желекжолдарға, қөшелерге, аландар мен елді мекендердің басқа да құрылымдық элементтеріне берілетін, оларды бөліп көрсету және тану үшін қызмет ететін жеке атаулар;

ономастикалық комиссия - географиялық нысандардың атауына бірыңғай көзқарас қалыптастыру, атауларды қолдану мен есепке алууды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру және сақтау мақсатында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру бойынша ұсыныстарды дайындау үшін әкімдіктер құратын консультативтік-кеңесші орган;

қысқа көше, өту жолы - көлік қуралдарының түрғын үй және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және шағын аудандардың, кварталдардың басқа нысандарына өтуін қамтамасыз ететін, екі көше арасындағы тұра көліктік байланысты қамтамасыз ететін негізгі немесе қосалқы өту жолы;

алаң - атау берілген, тұйықталған шекаралары бар қала құрылышы элементі;

нысанның реттік нөмірі - нысан мекен-жайы құрылымының элементі: цифrlар тізбегінен тұратын, әріп және (немесе) бөлшек қосылуы мүмкін, қандай да бір құрылымдық элементке тән белгісінің негізінде нысанға, құрылыш салынған аумақтағы атауы бар қала құрылышы нысанына (көшеге, шағын ауданға және т.б.) берілетін қарапайым нысан нөмірі;

жапсарлас нысандар - ғимаратқа, құрылышқа қосынша үй-жай салу жолымен ғимараттарда және құрылыштарда ұйымдастырылған, мұндайда әдетте дербес функционалдық мақсаты болатын нысандар;

даңғыл - жалпы қалалық маңызы бар магистральды жол немесе магистральды көшесі;

шағынгүлбак - аумағы үш гектардан аспайтын, халықтың жаппай демалуына арналған, тұйық шекаралармен белгіленген, оқшауланып көгалдандырылған жалпы қолданыстағы қалалық аумак;

құрылыш - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік үрдістерді орындауға, адамдардың уақытша ішінде болуына (орын ауыстыруына), материалдық құндылықтар мен жүктөрді орналастыруға және сақтауға, сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге,

жүргізуге) арналған, қолдан жасалған көлемді, тегістікті немесе сыйықты нысан. Құрылыш көркемдік-эстетикалық, әшекейлі-қолданбалы не болмаса мемориалдық мақсатта

б о л у ы

м ү м к і н ;

түйік - көлік құралдарының түрғын үй және қофамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және шағын аудандардың, кварталдардың ішіндегі басқа құрылыш нысандарына өтуін қамтамасыз ететін, көшелер арасындағы тұра көліктік байланысты құрамайтын негізгі немесе қосалқы өту жолы;

көше - аудандық маңызы бар магистральды көше, жергілікті маңызы бар көше

н е м е с е

ж о л ;

қаланың бөлігі (қала құрылышы элементі) - алан, даңғыл, желекжол, көше, қысқа көше, саябақ, түрғын аудан бағы, шағынгүлбақ, көпір және қаланың өзге де құрамдас бөліктері.

2-бөлім. Елді мекендердің аудандарына, шағын аудандарына, көшелеріне, даңғылдарына және өзге де құрамдас бөліктеріне атаулар беру (қайта атау) тәртібі

2. Елді мекендер бөліктерінің атаулары оларды кеңістікте бөліп көрсетуді және тануды қамтамасыз ету үшін беріледі.

3. Қалалық өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, қаладағы аудандарға, аландарға, даңғылдарға, желекжолдарға, көшелерге, қысқа көшелерге, саябактарға, шағынгүлбақтарға, көпірлерге және қаланың басқа да құрамдас бөліктеріне атау қою және қайта атау туралы мәселелерді "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шешеді.

4. Кент, ауыл әкімі тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, осы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау қою және қайта атау мәселелерін жоғарыда аталған Заңға сәйкес шешеді.

5. Елді мекенниң құрамдас бөліктеріне атау қою және қайта атау мәселелері ономастикалық комиссияның қорытындысына сәйкес шешіледі.

6. Бұрылыштары отыз градустан жоғары болған жағдайларда даңғылдардан (көшелер, қысқа көшелер, өту жолдары) басқа елді мекендердің бір бөлігіне бірнеше атау беруге болмайды, мұндай жағдайларда елді мекендердің бөлігінің бұрылыш орнынан бастап оқшауланған атау беруге жол беріледі.

7. Бір санаттағы бірнеше қала құрылышы элементтеріне бір атау беруге жол берілмейді.

8. Қала құрылышы элементі (даңғыл, көше) табиғи бөгеулермен (өзендер, жырақтар) қылышқан жағдайда қалыптасқан участкерлерге жеке атау беруге жол беріледі .

9. Аумақтарды кезең-кезеңімен игерген жағдайда қала құрылышы элементін оқшауланған, қисынды байланысқан атаулары бар, осы қала құрылышы элементінің іс жүзінде қалыптасу және салыну кезендеріне сай келетін жеке участекерге бөлуге жол беріледі.

3-бөлім. Елді мекендердің жер участекеріне, ғимараттарына және құрылыштарына реттік нөмірлер беру

10. Жер участекеріне, ғимараттар мен құрылыштарға реттік нөмірлер беру облыс аумағында шағын аудандардың, көшелердің, ғимараттардың, құрылымдардың және өзге де нысандардың орналасу орнын (орналасқан жерін) анықтаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға арналған.

11. Облыс аумағында орналасқан әрбір жер участекесінің, ғимарат пен құрылыштың өзінің бірегей мекен-жайы болуы тиіс.

12. Осы Ережеге сәйкес реттік нөмір берілетін жылжымайтын мүлік нысадары :

жер участекері (игерілмеген және құрылыш салынған);
ғимараттар;

құрылыштар болып табылады.

4-бөлім. Реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптар

13. Ғимараттың, корпустың, құрылымның, құрылыштың, жер участекесінің реттік нөмірі-цифрлар тізбегінен тұратын, әріп немесе бөлшек белгісі арқылы қосымша бүтін цифrlар қосылуы мүмкін нысан мекен-жайының деректемесі.

14. Ғимараттың, корпустың, құрылымның, құрылыштың реттік нөміріне, егер бір жер участекесіне екі және одан да көп бірыңғай сәулеттік үйлесім құратын немесе бір сәулеттік-құрылыштық кешенің бөлігі болып табылатын ғимараттар, корпустар, құрылымдар, құрылыштар тұрғызылған (бар болса) болса, әріптер қосылады.

15. Егер ғимарат, корпус, құрылым немесе құрылыш кварталдың ішінде орналасып, ғимараттың, корпустың, құрылымның, құрылыштың бірде-бір қасбеті қалалық магистральдарға шықпаған жағдайда ғимараттың, корпустың, құрылымның, құрылыштың реттік нөміріне бөлшек белгісі арқылы қосымша бүтін сандар қосылады. Бұл жағдайда негізгі реттік нөмір болып ғимараттың, корпустың, құрылымның, құрылыштың нөмірленуіне жақын ғимараттың, корпустың, құрылымның, құрылыштың реттік нөмірі қабылданады.

16. Ғимараттардың, құрылыштардың және басқа да жасанды құрылымдардың мекен-жайына мынадай міндетті деректемелер: көше атауы, ғимараттың, корпустың немесе құрылымның, құрылыштың реттік нөмірі кіруі тиіс.

17. Жер участекелеріне мынадай міндettі деректемелер: көше немесе шағын аудан атауы, жер участекесінің реттік нөмірі кіруі тиіс шартты мекен-жай беріледі.

18. Нысан мекен-жайының құрылымын нысанның түрі және ғимараттың, құрылыстың, жер участекесінің жергілікті жердегі географиялық жағдайы анықтайды.

19. Реттік нөмірі анықталатын нысанның орналасқан орнының атауы нысанның мекен-жайына қосылуы мүмкін.

20. Шағын аудан, өндірістік аймақ, табиғат қорғау кешенінің (тарих және сәулет ескерткіштерінің жиынтығы) атауы, реттік нөмірі анықталатын нысанның орналасқан орны тиісті шағын ауданың, өндірістік аймақтың, табиғат қорғау кешенінің белгіленген шекараларында нысан орналасқан жағдайда нысанның мекен-жайына қосылуы мүмкін.

21. Даңғылдың, көшениң (қысқа көше, алан) атауына қатысты нысанның нөмірленуі елді мекендер көшелері атауларының ресми тізбесіне және нөмірленетін нысанның және көше-жол жүйесі элементтерінің оңтайлы ұсынуына сәйкес қысқа жолдардың, көшелердің және аландардың атауларын нақтылай отырып, даңғылдардың, көшелердің, қысқа жолдардың, аландардың ресми мекен-жай сұлбасына сәйкес қабылданады.

22. Елді мекендер көшелері атауларының ресми тізбесі және даңғылдардың, көшелердің, қысқа көшелердің, аландардың және басқа да құрылымдық элементтердің ресми мекен-жай сұлбасы электронды түрде құрылады және елді мекендер аумағындағы қала құрылышы нысандарына және элементтеріне атау беру, қайта атау туралы материалдарды, сонымен бірге мұрағат материалдарын пайдалана отырып, мемлекеттік қала құрылышы кадастры негізінде сәулет органдары жүргізді.

23. Жер участекесінің, ғимараттың, корпустың, құрылымның, құрылыстың реттік нөмірін сәулет органы жобалауға, не болмаса құрылыш жүргізуге жер участекесін бөлу туралы рұқсат беру құжаттамасын дайындау сатысында белгілейді.

24. Жер участекесінің, ғимараттың, корпустың, құрылымның, құрылыстың реттік нөмірін сәулет органы жекелеген нысандарды бұзы нәтижесінде елді мекендердің бір бөлігі нысандарының нөмірленуі оннан артық бірлікке үзілген (жоғалған) жағдайда өзгертуі мүмкін.

25. Оңтүстікten солтүстікке қарай құрылыш салудың үздіксіз үрдісін құрайтын және магистральдарда орналасқан ғимараттарға (үйлерге) реттік нөмір беру және нөмірлеу көшениң сол жағы бойынша тақ нөмірлермен және оң жағы бойынша жұп нөмірлермен оңтүстікten солтүстікке қарай жүргізіледі.

26. Батыстан шығысқа қарай құрылыстың үздіксіз үрдісін құрайтын және магистральдарда орналасқан ғимараттарға (үйлерге) реттік нөмір беру және

нөмірлеу көшениң сол жағы бойынша тақ нөмірлермен және оң жағы бойынша жұп нөмірлермен батыстан шығысқа қарай жүргізіледі.

27. Эртүрлі санаттағы көшелердің қылышында орналасқан ғимараттарға магистральды көшелердің сыныптамасына сәйкес, неғұрлым жоғары санаттағы көше бойынша реттік нөмір беріледі.

28. Санаттары тең көшелердің қылышында орналасқан ғимараттарға ғимараттың бас қасбеті шығатын көше бойынша реттік нөмір беріледі. Егер бұрышқа бір ғимараттың тең мағыналы екі қасбеті шығатын болса елді мекен орталығына бағытталған көше бойынша реттік нөмір беріледі.

29. Елді мекеннің аумақтарына жаңа құрылыш салуды табиғи қалыптастырған жағдайда, осы Ереженің 35, 36-тармақтарын орындау мүмкін болмаған кезде, осы аумақтарда ғимараттарға (үйлерге) көрісінше тәртіpte реттік нөмірлер беруге және нөмірлеуге, яғни, солтүстіктен оңтүстікке не болмаса шығыстан батысқа қарай, көшениң оң жағы бойынша тақ нөмірлермен және сол жағы бойынша жұп нөмірлермен жүргізу же жол беріледі.

30. Жер участкесінің аумағында негізгі ғимарат анықталады, соған сәйкес осы аумақта орналасқан ғимараттарды, құрылыштарды нөмірлеу жүзеге асырылады. Негізгі ғимараттың реттік нөмірі көшелердің белгіленген сыныптамасы ескеріле отырып анықталады.

31. Жер участкесінің аумағында орналасқан өзге де ғимараттарға, құрылыштарға негізгі ғимараттың нөмірі және Ережеге сәйкес корпустың немесе құрылымның қосымша нөмірі беріледі. "Корпус" немесе "құрылым" көрсеткіші қажет болған жағдайда ғимараттар орналасқан жер участкесі аумағының функционалдық пайдаланылуы ескеріле отырып, ғимараттардың функционалдық мақсатына және жақын орналасқан ғимараттарды нөмірлеуге байланысты анықталады.

32. Ғимараттарды нөмірлеу бас ғимараттың орналасуы ескеріле отырып, жер участкесінің аумағына бас кіре берісінен жүргізіледі.

33. Жеке немесе занды тұлғаға меншік, жалдау немесе өзге де заттай құқығында тиесілі жер участкесінде қосымша бір немесе бірнеше жылжымайтын мүлік нысандарын түрғызған жағдайда әр нысанға корпустың немесе құрылымның қосымша нөмірін қоса сол реттік нөмір беріледі.

34. Тізбектегі нөмірлермен нөмірленіп қойған екі ғимараттың, құрылымның арасында орналасқан ғимараттарды нөмірлеуді осы Ережеге сәйкес тиісті нысанның кіші нөмірін оған әріп не болмаса бөлшек қосып жүргізу керек.

35. Дербес нысандардың (ғимараттар, құрылыштар) белгілері бар жапсаржай нысандарына және қосып-жапсарлас салынған нысандарға негізгі ғимараттың нөміріне бөлшек белгісі арқылы қосымша бүтін санды қосу арқылы дербес реттік нөмір беріледі.

36. Қоршауларды, көпірлерді, қазылған шұңқырларды, құдықтарды, жертөлелерді, ауладағы тас жабындарды, жаяужолдарды және осылар тәріздес нысандарды есептемегенде, құрылыстарға құрылыш орналасқан ғимараттың, құрылыштың немесе жер участекінің (негізгі ғимарат болмаған жағдайда) реттік нөмірі "құр." көрсеткіші мен құрылыш нөмірі қосылып беріледі.

37. Игерілген, бірақ нөмірленбegen жер участеклеріне осы жер участекінің шегінде тұрғызылған ғимараттың, құрылыштың нөмірі беріледі.

38. Бір жер участекінің аумағы шегінде бірнеше ғимараттар, құрылыстар, басқа да нысандар орналасқан жағдайда жер участекіне негізгі ғимараттың, құрылыштың нөмірі беріледі.

39. Игерілмеген жер участеклеріне осы Ережеге сәйкес қарапайым реттік нөмір беріледі, бұл жағдайда мына шартты сақтау қажет: әрбір жер участекінің өзінің бірегей реттік нөмірі болады және жер участеклеріне реттік нөмірлер жер участеклерінің осы немесе өзге қала құрылышы бірлігіне (көше, даңғыл, алаң) қатысы (жапсаржай) негізінде беріледі.

40. Нөмірленген игерілмеген жер участекінің аумағына жаңа ғимарат, құрылыш тұрғызғанда тұрғызылатын нысанға нөмірлеудің жалпы тәртібін сақтаған жағдайда аталған жер участекінің шартты реттік нөмірі берілуі мүмкін, не болмаса осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, жеке жаңа реттік нөмір беріледі.

41. Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер участеклерінің алдынуына байланысты жүргізілетін қарқынды бұзу аумақтарында жобаланып жатқан ғимараттар, құрылыстар үшін реттік нөмірлер резервілеуді жүргізуге жол беріледі.

4-1-тaraу. Қосымша талаптар

41-1. Жер участеклеріне, ғимараттар мен құрылыстарға берілген реттік нөмірлер жөніндегі деректер «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесі деректер қорында міндettі тіркелуге жатады.

41.2. Меншік иесі дербес пайдалануға қабылдаған объектілерге: уақытша құрылыстарға, соның ішінде маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрмыстық үй-жайларға;

жеке үй маңындағы участекер аумақтарындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарға, бау-бақша серіктестіктері (қоғамдары) участеклеріндегі құрылыстарға, үй жанындағы немесе үй іргесіндегі (саяжай) участеклердегі абаттандыру элементтеріне;

саны екеуден аспайтын автомашинаға арналған жайы бар көлікжайларға; шағын сәулеттік нысандар және аумақтардың қоршауына; үйлер (ғимараттар) маңындағы ашық спорт аландары, тротуарлары, тас

төсөніштеріне реттік нөмірлер берілмейді.

41-3. Осы Ереженің 41-2 тармақшасында көрсетілген объектілердің жеке реттік нөмірі болмайды, бірақ анықтамада тұракты реттік нөмірі бар жағын орналасқан объектіге қатысты олардың орналасқан жері нақтылануы мүмкін.

41-4. Тиісті бақ қоғамдарын құрайтын бақ және саяжай (бақша) учаскелеріне, көлікжай кооперативтерінде, қоғамдарының құрамына енетін көлікжайларға осы қоғамдардың, коперативтердің басқару органының шешімімен әрбір объектіге жеке реттік нөмір беріледі. Тиісті басқару органдары болмаған жағдайда, аталған объектілерге жеке нөмірлер беруді сәулет органы жүзеге асырады.

Ескерту. Ереже 4-1 тараумен толықтырылды - ШҚО әкімдігінің 2009.06.29 N 108 қаулысымен.

5-бөлім. Қорытынды ережелер

42. Ережеде қамтылмаған қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

*Сәулет және қала құрылышы басқармасы
бастығының міндетін атқарушы
Тілдерді дамыту
басқармасының бастығы*